

Арқалық қаласының коммуналдық мүлігін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 28 шілдедегі № 332 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 тамызда № 5056 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 161 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 06.05.2015 № 161 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабының 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Арқалық қаласының коммуналдық мүлігін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а ә к і м і н і н

міндетін атқарушы

Е. Теменов

Қ а л а ә к і м д і г і н і н

2014 жылғы 28 шілдедегі

№ 332 қаулысымен бекітілген

**Арқалық қаласының коммуналдық мүлігін
мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде
жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары**

Арқалық қаласының коммуналдық заңды тұлғаларының балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысының мөлшерін есептеу 1 айлық есептік көрсеткішті құрайтын базалық мөлшерлеме және осы Қағиданың қосымшасына

сәйкес объектінің аумақтық қатыстылығын, құрылыс түрін есепке алатын қолданылатын коэффициенттердің мөлшері негізінде анықталады және мынадай формуламен

$$Жа = \frac{жүзеге}{асырылады} = \frac{Бм * S * K_1 * K_2}{мұндағы:}$$

Жа – Арқалық қаласының коммуналдық заңды тұлғаларының балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм – 1 шаршы метр үшін жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі, жылына теңге;

S – жалға алынған ауданы, шаршы метр;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыс түрін есепке алатын коэффициент

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Арқалық қаласы	2,3

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Жн - жылдық жалдау ақысы;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациондық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытында толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

ғимараттар (құрылыстар) үшін:

$$Ж = S * Бм * K_1 * K_2 / ЖУ * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж - жылдық жалдау ақысы;

S - аудан (шаршы метр);

Бм - базалық мөлшерлеме, 1 айлық есептік көрсеткіш;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін:

$$Ж = (Ж_n / ЖУ) * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж - жылдық жалдау ақысы;

$Ж_n$ - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.